



Бекітімін:
Нұра ЖББМ директоры
С.К.Бердесова

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку жоспары» мен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оку бағдарламасы» негізінде 2023-2024 оку жылына ариалған үйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру үйымы Нұра жалпы білім беретін мектебі

Топ «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 4 жас.

Жоспардың күршілік кезеңі: Қыркүйек айы, 2023-2024 оку жылы.

Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар. Жүру: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдал, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, кол мен аяқ қимылдарын үйлестіру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар. Қол және иық белдеуіне ариалған жаттығулар. Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеру (бір уақытта, кезекпен), төмен түсіру, қолдарын арқасына апару: қолдарды төмен түсіру; белге қою, кеуде тұсына қою; қолдарын алға-артқа сермеу; қолды иыққа қойып, шынтақтарын бүгіп, қолдарын айналдыру.</p> <p>Кеудеге ариалған жаттығулар. Екі қолды белге қойып, оңға-солға бұрылу (жылдам және бір қалыпты).</p> <p>Аяққа ариалған жаттығулар. Аяқтың ұшына көтерілу және тұру. Екі аяқты кезекпен алға қою, алдымен өкшени, содан кейін аяқтың ұшын қою, тарсылату.</p> <p>Спорттық жаттығулар. Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.</p> <p>Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Балаларга адамның дене және сезім мүшелері, олардың ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауга, күтуге болатыны туралы түсінік беру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу.</p> <p>Өзіне-өзі қызмет корсету дағдылары.</p>

	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын: өз бетінше киіну мен шешінуді, тісін тазалауды жетілдіру.</p>
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуда жеткізу. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру. Сөздік қор. Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орга заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктегі мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауга, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрықраймен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір). Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысуши үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p>
Көркем әдебиет.	Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлендерді тындауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.
Қазақ тілі	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті қазақ тіліндегі сөздерді ынта қойып тындауға және дұрыс айта білуге және ол сөздерді есте сактауға үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс айтуда дағдыландыру Сөздік қор қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын кейбір тұрмыстық заттардың, жемістердің, көкеністердің, жануарлардың, құстардың, адамның дене мүшелерін, табиғат құбылыстарын атау және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы 2-3 сөзден тұратын жай сөйлемдерді түсінуді және сөздерді байланыстырып құрастыруды үйрету</p>
Математика негіздері.	Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жүппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.
Кұрастыру.	Құрылым материалдарынан, «лего»

		конструкторлардан құрастыру.
	Сурет салу.	Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу.
	Мүсіндеу.	Ермексаз, сазбалық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас боліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуralардың бетін тегістеуге үйрету.
	Жапсыру.	Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, киялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Тұзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолактарды қиоды үйрету.
	Музыка	Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды аландаған сонына дейін тыңдау).
	Қоршаған ортамен таныстыру.	Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгіні және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру («Мен кішкентай болдым, мен өсіп келемін, мен ересек боламын»).